

Қосымша № 2



Тауарларды, жұмыстарды,
қызметтерді сатып алу жөніндегі үлгі
тендерлік құжаттама

Нұсқа*	Басқарушы кеңестің шешімімен бекітілді*		Құжаттың күшіне енген күні 2016 жылғы «26» 01
	Шешімнің № 26.01.16	Бекітілген күні 2016 жылғы «26» 01	
Мәртебесі	<input checked="" type="checkbox"/> Бекітілді <input type="checkbox"/> Қаралды, пысықтауға жіберілді (хаттаманың Қосымшасын қараңыз) <input type="checkbox"/> Бекітілмеді <input type="checkbox"/> Басқа _____		
Құжатты әзірлеуге негіз болып табылған негізгі (жоғары деңгейдегі) құжаттарға сілтеме	«Назарбаев Университеті» кеңесінің шешімі, 2014 жылғы 30 тамыздағы № 16 хаттама		Қамқоршылық тамыздағы
Жауапты лауазымды тұлға	Мамашев М.Т., «Назарбаев Атқарушы Вице-президенті		Университеті»
Лауазымды тұлға – құжаттың бастамашысы	Омаров Н.М., Аппарат басшысы Жанайдарова Ш.Б., Сатып алуды ұйымдастыру департаментінің директоры; +7(7172) 70 60 77; shzhanaidarova@nu.edu.kz		
Өзара байланысты құжаттар	«Назарбаев Университеті» Қамқоршылық кеңесі бекіткен 2014 жылғы 30 тамыздағы №16 Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесі «Назарбаев Университеті» Басқарушы кеңесі бекіткен 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 30.09.14 Үлгі тендерлік құжаттама		
Құжат тілі	Ағыл. 26.01.16 _____, қаз. 26.01.16 _____, орыс. 26.01.16 _____		

Мазмұны

1-бөлім.	Жалпы ережелер	4
2-бөлім.	Тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіру, тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізу тәртібі	4
3-бөлім.	Тендерді өткізуден бас тарту, оны болдырмау	5
4-бөлім.	Комиссия, сарапшы(лар), комиссия хатшысы	6
5-бөлім.	Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы көрсетілуге тиіс валюта	6
6-бөлім.	Өтінімді қамтамасыз ету	7
7-бөлім.	Өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар	8
8-бөлім.	Өтінімді беру тәртібі	11
9-бөлім.	Өтінімді өзгерту және қайтарып алу	11
10-бөлім.	Өтінімдер салынған конверттерді ашу	12
11-бөлім.	Өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру	13
12-бөлім.	Тендердің қорытындысын жасау	15
13-бөлім.	Сатып алу жеңімпазының өтінімнің түпнұсқасын ұсыну тәртібі	15
14-бөлім.	Өтінімді сәйкестік мәніне салыстыру тәртібі	15
15-бөлім.	Тендердің қорытындысы бойынша сатып алу туралы шартты жасау	16
16-бөлім.	Әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп тану негіздері	18
17-бөлім.	Тендердің қорытындысына шағымдану	19
1-қосымша.	Ақпараттық парақ	20

2-қосымша.	Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысымен тендерге қатысуға өтінім (заңды тұлғалар үшін)	23
3-қосымша.	Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысымен тендерге қатысуға өтінім (жеке тұлғалар үшін)	26
4-қосымша.	Банктік кепілдік (тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету)	29
5-қосымша.	Тендерде жүргізілетін сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтерді көрсету бойынша бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстардың, қызметтердің түрлері мен көлемдері	31
6-қосымша.	Банктік кепілдік (сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету)	32



1. Жалпы ережелер

1.1. Осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жөніндегі үлгі тендерлік құжаттама (бұдан әрі – тендерлік құжаттама) «Назарбаев Университеті» Қамқоршылық кеңесінің 2014 жылғы 30 тамыздағы № 16 шешімімен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу ережесінің 5.2-тармағына сәйкес әзірленген.

1.2. Сатып алу, соның ішінде элетрондық сатып алу тендер (екі кезенді тендер) тендер құжаттаманың шарттары және талаптарымен және «Назарбаев Университетінің» сатып алу саласындағы Ережелерге, ішкі құжаттарға сәйкес, жүргізіледі.

1.3. Төменде келтірілген қосымшалар:

- 1) ақпараттық парақ (тендерлік құжаттамаға 1-қосымша);
- 2) заңды тұлғалар үшін әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімі (тендерлік құжаттамаға 2-қосымша);
- 3) жеке тұлғалар үшін әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімі (тендерлік құжаттамаға 3-қосымша);
- 4) банктік кепілдік (тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету) (тендерлік құжаттамаға 4-қосымша);
- 5) қосалқы мердігерлер/бірлесіп орындаушылар туралы мәліметтер (тендерлік құжаттамаға 5-қосымша);
- 6) банктік кепілдік (шарттың орындалуын қамтамасыз ету) (тендерлік құжаттамаға 6-қосымша).

сондай-ақ тендерлік құжаттамаға 1-қосымшаның ақпараттық парағында көрсетілген қосымшалар осы тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.4. Ақпараттық парақ тендердің елеулі шарттарын көрсетеді және оны сатып алуды ұйымдастырушы толтырады.

1.5. Тендерлік құжаттамада Ережелерде белгіленген терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

1.6. Әлеуетті өнім беруші оның тендерге қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші оның тендерге қатысуына байланысты әлеуетті өнім берушінің қандай да бір шығындарын өтеу бойынша міндеттемені көтермейді.

1.7. Сатып алу саласындағы ЭСА құжаттары мен «Назарбаев Университеті» ішкі құжаттарының арасында әртүрлі оқылулар, келіспеушіліктер туындағанда «Назарбаев Университетінің» ішкі құжаттарына басымдық беріледі.

2. Тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіру, тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізу тәртібі

2.1. Әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушының атына немесе ЭСА арқылы тендерге қатысуға өтінімді (бұдан әрі – өтінім) берудің соңғы мерзіміне дейін кемінде 4 (төрт) жұмыс күні қалғанда тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіру туралы жазбаша сұраным жіберуге құқылы.

2.2. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұраным келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш иесіне жауап жібереді, сұранымды жіберген адам туралы мәліметті көрсетпей, сұранымға жауапты интернет-ресурсқа/ЭСА-да *(электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады)* орналастырады.

2.3. Сатып алуды ұйымдастырушы өтінімдерді берудің соңғы күніне дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күні қалғанда тендерлік құжаттамаға сатып алу мәнін қоспағанда, өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізуге және өзгерістер мен толықтырулардың мәтінін интернет-ресурсқа/ЭСА-да *(электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады)* жариялауға құқылы.

Бұл ретте тендерге қатысуға өтінімдерді берудің соңғы күні мен уақыты кемінде 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады.

2.4. Әлеуетті өнім берушілер интернет-ресурсқа жарияланған тендерді өткізу туралы хабарландыруға және тендерлік құжаттамаға енгізілген, болуы ықтимал өзгерістер мен/немесе толықтыруларды өздері қадағалап отырады.

3. Тендерді өткізуден бас тарту, оны болдырмау

3.1. Тапсырыс беруші Ережелердің 2.4-тармағына сәйкес сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

3.2. Сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушінің сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуы туралы шешімін қабылдаған күнінен бастап:

- 1) 2 (екі) жұмыс күні ішінде ақпаратты интернет-ресурсқа/ЭСА-да *(электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады)* жариялайды;
- 2) енгізілген өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтарады.

Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және/немесе сатып алу туралы шарттың орындалуын алдын ала төлемдер/аванс сомасына қамтамасыз етуді (егер сатып алу шарттарымен осындай қамтамасыз ету көзделген болса) қайтаруды тапсырыс беруші жүзеге асырады.

3.3. Өткізілетін тендерде (лотта) бұзушылықтар анықталған жағдайда тапсырыс беруші/комиссия сатып алу туралы шарт жасалған сәтке дейін Ережелердің 12.1-тармағына сәйкес:

- 1) қорытындылары күшін жояды;
- 2) әлеуетті өнім берушілерге қандай да бір шығынды өтемей, тиісті хаттаманы интернет-ресурсқа/ЭСА-да *(электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады)* жариялау арқылы сатып алуға қатысқан әлеуетті өнім берушілердің осы шешімі туралы хабардар етеді;

3) әлеуетті өнім берушілерге өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтарады.

4. Комиссия, сарапшы(лар), комиссия хатшысы

4.1. Комиссия құрамы кемінде 3 (үш) адам болуға және төрағадан, төрағаның орынбасары мен басқа да комиссия мүшелерінен тұруға тиіс.

4.2. Комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілген күннен бастап немесе Ережелердің 2.4-тармағында көзделген жағдай басталғанда өз қызметін тоқтатады.

4.3. Комиссияның отырысы комиссия мүшелерінің жай көпшілігінің қатысуы шартымен өткізіледі. Комиссия мүшесі болмаған жағдайда хаттамада оның болмау себебі көрсетіледі.

4.4. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) техникалық ерекшелік (сапалық және/немесе техникалық сипаттамалар) талаптарына сәйкестігін анықтау үшін сарапшыны(ларды) тартуға құқылы. Сарапшының(лардың) комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ.

4.5. Комиссия шешімі, егер оған комиссияның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілген болса, қабылданған болып саналады. Комиссия шешім қабылдаған кезде сарапшының(лардың) қорытындысын (болған жағдайда) назарға алады.

4.6. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады. Сарапшы(лар) сараптау комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда ол(олар) жазбаша түрде ерекше пікір білдіреді, ол сараптау комиссиясы қорытындысына қоса беріледі.

4.7. Комиссияның шешімі әр бетіне комиссияның мүшелері, хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді және интернет-ресурста жарияланады.

4.8. Комиссияның ұйымдастыру қызметін комиссияның мүшесі болып табылмайтын және комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ хатшы қамтамасыз етеді.

5. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы көрсетілуге тиіс валюта

5.1. Қазақстан Республикасының резиденті – тендерге қатысушының баға ұсынысы теңгемен берілген болуы тиіс. Қазақстан Республикасының резиденті емес – тендерге қатысушының баға ұсынысы басқа валютада берілген болуы мүмкін.

5.2. Егер тендерге қатысушының баға ұсыныстары әртүрлі валюталарда берілсе, онда баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру үшін олар өтінімдер салынған конверттер ашылған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық



банкi белгiлеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасы - теңгеге аударылады.

6. Өтiнiмдi қамтамасыз ету

6.1. Өтiнiмдi қамтамасыз етудi әлеуеттi өнiм берушi тендерге (лотка) бөлiнген соманың (бiр) пайызынан кем емес мөлшерде:

1) тендерлiк құжаттамаға 4-қосымшаға сәйкес банк кепiлдiгi түрiнде немесе

2) тендердiң (лоттың) атауы көрсетiлген, сатып алуды ұйымдастырушының банктiк шотына енгiзiлетiн ақшалай жарна түрiнде енгiзедi.

Әлеуеттi өнiм берушi ол (олар) бойынша өтiнiм берiлетiн лот(тар)ға ғана өтiнiмдi қамтамасыз етудi енгiзедi.

6.2. Егер тендерге қатысушылардың өтiнiмiн қамтамасыз ету әртүрлi валюталарда берiлсе, онда оларды бағалау мен салыстыру үшiн олар өтiнiмдер өтiнiмдердi берудiң мерзiмi аяқталған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкi белгiлеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасы - теңгеге аударылады. Өтiнiмдi қамтамасыз етудiң әрекет ету мерзiмi ақпараттық парақта көрсетiлетiн, өтiнiмнiң қолданылу мерзiмiнен кем болмауы тиiс.

6.3. Әлеуеттi өнiм берушi банктiк кепiлдiк түрiндегi өтiнiмдi қамтамасыз етудiң түпнұсқасын сатып алуды ұйымдастырушыға ақпараттық парақта көрсетiлген мекенжай бойынша өтiнiмдердi ЭСП-қа (*электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезiнде қолданылады*) ашудың соңғы мерзiмi өткенге дейiн ұсынуға тиiс.

6.4. Қамтамасыз етуi жоқ өтiнiмдердi, сондай-ақ банктiк кепiлдiктiң түпнұсқасы ұсынылмаса немесе банктiк кепiлдiктiң қолданылу мерзiмi тендерлiк құжаттамада қарастырылғаннан кем болса, комиссия тендерлiк құжаттама талаптарына сай келмейдi деп қабылдамайды.

6.5. Әлеуеттi өнiм берушi енгiзген өтiнiмдi қамтамасыз ету мынадай жағдайларда:

1) осы әлеуеттi өнiм берушi өз өтiнiмiн оларды ұсыну мерзiмi өткенге дейiн керi қайтарып алғанда;

2) тендердiң қорытындысы туралы хаттама қол қойылғанда. Бұл жағдай жеңiмпаз деп танылған әлеуеттi өнiм берушiге, сондай-ақ екiншi орын алған әлеуеттi өнiм берушiге қолданылмайды;

3) сатып алу туралы шарт күшiне енгенде және өнiм берушi сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудi енгiзгенде;

4) өтiнiмнiң қолданылу мерзiмi өткенде қайтарылады.

6.6. Әлеуеттi өнiм берушi енгiзген өтiнiмдi қамтамасыз ету мына жағдайлардың бiрi басталғанда ұсталынады:

1) әлеуеттi өнiм берушi өтiнiмдер берудiң түпкiлiктi мерзiмi өткеннен

кейін өтінімді кері қайтарып алғанда не өзгерткенде және/немесе толықтырғанда;

2) тендердің жеңімпазы болып белгіленген әлеуетті өнім беруші немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқанда;

3) өнім беруші сатып алу шартын жасасып, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және/немесе енгізу мерзімдері туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындамағанда немесе уақтылы орындамағанда.

6.7. Екі кезеңді тендер тәсілімен сатып алуды өткізген жағдайда өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші екінші кезеңде енгізеді.

7. Өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

7.1. Өтінім әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға, тендерлік құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды жеткізуді (жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді) жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

7.2. Әлеуетті өнім берушілерге сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті жалпы және арнайы біліктілік талаптары қойылады.

7.3. Әлеуетті өнім беруші жалпы біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құқықтық қабілетке (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет ету қабілетіне (жеке тұлғалар үшін) ие болуға тиіс.

7.4. Әлеуетті өнім беруші жалпы біліктілік талаптарынан басқа, сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) техникалық ерекшелігінде белгіленген арнайы біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

7.5. Әлеуетті өнім беруші оның осы бөлімде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растауда сатып алуды ұйымдастырушыға тендерді өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктермей, осы тендерлік құжаттаманың 7.6-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

7.6. Тендерге қатысуға өтінім мыналардан тұруы тиіс:

1) тендерлік құжаттамаға 2, 3-қосымшаларға сәйкес әлеуетті өнім берушінің мөрі басылған (ол болған жағдайда), толтырылған және қол қойылған өтінімді;

2) әлеуетті өнім берушінің жалпы біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды:

заңды тұлғалар үшін:

- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені/қайта тіркелгені туралы куәліктін/ресми интернет көзінен (www.e.gov.kz) алынған электрондық құжат - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені/қайта тіркелгені туралы анықтаманың қағаз түріндегі көшірмесін, сондай-ақ өзгерістерді (болған

жағдайда) ескере отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының/қызметін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаның тіркелгені туралы белгіленген нысандағы мемлекетті тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін,

немесе

құрылтайшылар (қатысушылар немесе акционерлер) туралы мәліметтерден құжатты, егер жарғыда/тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтамада құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер қамтылмаса: құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған үзінді көшірмесін немесе конверттерді ашатын күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей берілген, белгіленген тәртіппен қол қойылған және мөрмен расталған акцияларды ұстаушылардың тізілімінің үзінді көшірмесінің түпнұсқасын;

жеке тұлғалар үшін:

- тиісті мемлекеттік орган конверттерді ашатын күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей берген, заңды тұлғаны құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын беретін құжаттың нотариалды куәландырылған үзінді көшірмесін немесе ресми интернет көзінен (www.e.gov.kz) алынған оның электрондық көшірмесін;

консорциум үшін:

- консорциум қатысушыларының ортақ жауапкершілігі қарастырылуы тиіс бірлескен қызмет туралы келісімнің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

- консорциумға кіретін әрбір заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасының консорциум туралы келісімге қол қою құқығын растайтын құжаттың түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

- осы тармақшада көрсетілген тіркелу/қайта тіркелуі құжаттары консорциумның әрбір қатысушысына беріледі;

3) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын тағайындау (сайлау)/өкілеттіктерін ұзарту туралы құжаттың түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

4) сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тендерлік құжаттамасының техникалық ерекшелігінде көзделген құжаттарды;

5) тендерлік құжаттамаға 4-қосымшаға сәйкес өтінімді қамтамасыз ету түпнұсқасын немесе төлем құжатының көшірмесі, тендер және лот атауымен көрсетілген куәландыратын ақшалай жарнама кепілі;

6) әлеуетті өнім берушінің жарғысына/ тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтамаға сәйкес сенімхатсыз әлеуетті өнім берушінің атынан әрекет етуге құқығы бар әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің мүдделерін білдіретін тұлғаның қол қою құқығына сенімхаттың түпнұсқасын немесе нотариалды

куәландырылған көшірмесін. Сенімхат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделуге тиіс;

7) әлеуетті өнім беруші жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс (егер тендерлік құжаттаманың талаптарымен әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуы көзделсе):

тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) арнайы біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды;

тендерлік құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес тендердің сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөнінде қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтердің түпнұсқасын.

Әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) жұмыстардың (құрылыс құнының), сондай-ақ көрсетілетін қызметтер көлемінің жиынтығында 2/3 астамын беруге тыйым салынады.

7.7. Қазақстан Республикасының резиденті емес – әлеуетті өнім беруші оның жалпы және арнайы біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері беретін құжаттарды не нотариалды куәландырған тендерлік құжаттама тіліне аудармасы бар, Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады. Комиссия өтінімді қараған кезде аудармаға басымдық беріледі.

7.8 Электрондық сатып алу жүзеге асырылған жағдайда тендерлік құжаттаманың 7.6-тармағында көзделген құжаттар сканерленген түрде (PDF форматта) не электрондық көшірмеде ЭСА-да жүктеледі және олар әріптік, сандық және басқа да символдармен сәйкестендірілуі, ал файлдар қарауға болатын құралдармен ашылуы тиіс.

Әріптік, сандық және басқа да символдармен сәйкестендірілмеген, сондай-ақ файлды ашу қатесімен ұсынылған тендерге қатысуға арналған электрондық көшірме құжаттар ұсынылмады және қарауға қабылданбады деп есептеледі.

7.9 Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу бойынша тендерге қатысу үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын өтінімнің қолданылу мерзімі ақпараттық парақта көрсетілген, тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімнен кем болмауы тиіс.

7.10. Әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға тек бір ғана өтінімді береді және енгізген өз өтінімін қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпай, өз өтінімін қайтарып алуға, оларды ұсынудың соңғы мерзіміне дейін оған өзгерістер енгізуге құқылы.

7.11. Осы тендерлік құжаттаманың 7.6-тармағына сәйкес құжаттардан тұратын, тендерге қатысуға арналған өтінім тендерлік құжаттама тілінде

жасалады.

8. Өтінімді беру тәртібі

8.1. Өтінімді әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға қолма-қол немесе мекенжайы бойынша тапсырысты пошталық байланысты пайдалана отырып, конвертке салып, тендерді өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей береді.

8.2. Өтінім тігілген, парақтары немесе беттері нөмірленген болуы тиіс, соңғы беті әлеуетті өнім берушінің қолымен және мөрімен (ол болған жағдайда) расталады.

8.3. Құжаттар тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес (тігілген түрде, нөмірленген беттермен, соңғы беті әлеуетті өнім берушінің қолымен және мөрімен расталған (жеке тұлға үшін ол болған жағдайда) және өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы жеке беріледі.

Бұл ретте өтінімнің құрамында тігілген осы тармақта көрсетілген құжаттарды ұсыну одан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

8.4. Өтінімнің құрамында тігілген банктік кепілдікті ұсынған жағдайда ол әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды.

8.5. Әлеуетті өнім беруші өтінімі бар, мөрленген конверттің беткі жағында сатып алуды ұйымдастырушы мен әлеуетті өнім берушінің атауы, орналасқан жерінің мекенжайын, тендердің (лоттың) атауын көрсетуге тиіс.

8.6. Оны ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін берілген өтінімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өтінім салынған конверт не құжаттар және/немесе материалдар тіркеуге жатпайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

8.7. Электрондық сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, осы бөлімнің тендер құжаттамасының ережесіне, 13 бөлімнің тендер құжаттамасына сәйкес қолданылады.

9. Өтінімді өзгерту және қайтарып алу

9.1. Әлеуетті өнім беруші өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін:

- 1) енгізген өтінімді өзгертуге және/немесе толықтыруға;
- 2) өзі енгізген өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, өзінің өтінімін қайтарып алуға құқылы.

9.2. Өтінімге енгізілетін өзгерістер мен/немесе толықтырулар өтінім сияқты ресімделуге, мөрленуге және берілуге тиіс.

9.3. Әлеуетті өнім берушінің өтінімді қайтарып алуы әлеуетті өнім беруші қол қойған және мөрімен расталған (жеке тұлға үшін ол болған жағдайда) сатып алуды ұйымдастырушының атына еркін түрде жазылған

өтініш түрінде ресімделеді.

9.4. Конвертті ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін өтінімді қайтарып алу сияқты, оларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

9.5. Осы бөлімнің 9.2-9.3-тармақтарында қарастырылған шарттар мен талаптар электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылмайды.

10. Өтінімдер салынған конверттерді ашу

10.1. Өтінімдер салынған конверттерді ашуды комиссия тендерді өткізу туралы хабарламада көрсетілген күні жүргізеді. Ниет білдірушілер болғанда ашу әлеуетті өнім берушілердің және/немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

10.2. Өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне қатысқан әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдері олардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарды ұсынуға және хабарламада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей журналда тіркелуге тиіс.

10.3. Әлеуетті өнім берушілер және/немесе олардың уәкілетті өкілдері комиссияны өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жазу үшін пайдалануға ниет етіп отырған аудио және бейне жазбаның техникалық құралдары туралы хабардар етеді.

10.4. Өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысып отырған әлеуетті өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің сатып алуды ұйымдастырушының, комиссияның, комиссия хатшысының қызметіне араласуына жол берілмейді.

10.5. Егер тендерге (лотқа) тек бір ғана өтінім берілген жағдайда, осы өтінім тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі мәніне ашылады және қаралады.

10.6. Комиссияның отырысында:

1) төраға немесе ол белгілеген тұлға қатысушыларды:

комиссияның құрамы, комиссияның хатшысы;

әлеуетті өнім берушілердің тендерлік құжаттаманың ережелерін, тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактілерін, сондай-ақ себептерін түсіндіру бойынша сұрау салуларының болуы не болмауы;

белгіленген мерзімде өтінімдерді тіркеу журналында тіркелген әлеуетті өтінім берушілер туралы ақпараттандырады;

осы тендер бойынша өзге де ақпаратты жария етеді;

өтінімдер салынған конверттерді ашады және өтінімде қамтылған құжаттардың тізбесін, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілер белгілеген бағалар мен жеңілдіктерді (болған жағдайда) жария етеді;

2) комиссияның хатшысы:

әлеуетті өнім берушілерді және/немесе олардың уәкілетті өкілдерін

өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын интернет-ресурсқа жариялау мерзімі туралы ақпараттандырады;

әлеуетті өнім берушілерден және/немесе олардың уәкілетті өкілдерінен комиссияның әрекетіне (немесе әрекетсіздігіне) шағымдарының немесе қарсылықтарының болуы туралы сұрайды.

10.7. Комиссияның хатшысы конверттерді ашу хаттамасын ресімдейді, оған комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ комиссияның хатшысы әр бетіне қол қояды.

10.8. Өтінімдер болмаған жағдайда конверттерді ашу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы ресімделмейді.

10.9. Комиссия хатшысы комиссияның отырысы күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, өтінімдер салынған конверттерді ашудың қол қойылған хаттамасының мәтінін интернет-ресурсқа жариялайды.

10.10. Электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде тендерге қатысуға өтінімдерді ашу және оның хаттамаларын ЭСА-да жариялау қолданылмайды.

11. Өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру

11.1. Комиссия өтінімдерді тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі мәніне өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен астам емес мерзімде, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері болғанда – 30 (отыз) жұмыс күнінен астам емес мерзімде қарайды. Өтінімдерді қарау мерзімі ақпараттық парақта көрсетіледі.

11.2. Мәліметтерді нақтылау мақсатында комиссия тиісті жеке, заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Осы тармақта қарастырылған сұрау салуларды жіберген жағдайда комиссия өтінімдерді қарау мерзімін ұзартуға құқылы.

Өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтыруға, құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге бағытталған өтінімдерді тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге байланысты комиссияның сұрау салулары мен өзге де әрекеттеріне жол берілмейді.

11.3. Комиссия, егер:

1) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы сатып алу үшін бөлінген сомадан асатын болса;

2) өтінім тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмесе;

3) әлеуетті өнім беруші осы тендерге (лотқа) өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің аффилирленген тұлғасы болып табылса;

4) егер консорциумға кіретін әлеуетті өнім беруші және/немесе оның қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушы)/заңды тұлға Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесінде, Мемлекеттік сатып алудың

жосықсыз қатысушыларының тізілімінде және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде тұрса;

5) «Назарбаев Университеті» Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға әлеуетті өнім берушінің басшысы болып табылса;

6) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және сатып алуға қатысатын жеке тұлға «Назарбаев Университеті» Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде енгізілген заңды тұлғаның басшысы болып табылса, өтінімнен бас тартады.

11.4. Мынадай формалды негіздемелер бойынша өтінімнен бас тартуға жол берілмейді:

1) өтінімде (ұсынылып отырған бағаны (жеңілдікті), техникалық ерекшелікті, өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжатты қоспағанда) қате, жаңылыс, жаңсақ жазудың болуы;

2) комиссияның өтінімдерді бағалауы мен салыстыруына әсер етпейтін, берілген құжаттар нысанындағы (ұсынылып отырған бағаны (жеңілдікті), техникалық ерекшелікті, өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгенін растайтын құжатты қоспағанда) ақпараттың (банктік деректемелер туралы және басқа ақпараттар) көрсетілмеуі.

Әлеуетті өнім беруші ұсынған техникалық және/немесе сапалық ерекшелік тапсырыс беруші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаттамасынан артық болғанда, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне жол беріледі. Бұл ақпарат қорытындылар туралы хаттамада және/немесе сараптамалық қорытындыда (сапаршыны(ларды) тартқан жағдайда) көрсетілуі тиіс.

11.5. Қабылданған өтінімдерді комиссия «Назарбаев Университеті» бекіткен есептеу әдістемесіне сәйкес балдық бағалау жүйесінің критерийлері бойынша салыстырады және бағалайды. Өтінімдерді бағалау критерийлері ақпараттық парақта көрсетілген.

11.6. Ең көп балл санын жинаған әлеуетті өнім беруші тендердің жеңімпазы болып танылады.

Салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші болып жеңімпаздан кейін ең көп балл санын жинаған әлеуетті өнім беруші танылады.

Жиналған балдар саны тең болғанда жеңімпаз (немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші) болып басымдылық критерийлері бойынша ең көп балл жинаған әлеуетті өнім беруші танылады.

Жинақталған балл және басымдылық критерийлері бойынша балл саны тең болғанда жеңімпаз (немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші) болып өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілерден бұрын түскен әлеуетті өнім беруші танылады.

12. Тендердің қорытындысын жасау

12.1. Өтінімдерді караудың, бағалау мен салыстырудың қорытындылары бойынша тендердің қорытындысы туралы хаттама ресімделеді, оған комиссияның мүшелері мен хатшысы әр бетіне қол қояды.

12.2. Комиссия тендерді мынадай жағдайларда:

- 1) тендерге қатысуға берілген өтінімдер болмағанда;
- 2) егер тендерге қатысуға 1 (бір) ғана өтінім берілсе;
- 3) барлық өтінімдер тендерге қатысуға қабылданбаса;

4) егер тендерлік құжаттаманың 11.3-тармағында көзделген негіздемелер бойынша комиссия бас тартқаннан кейін әлеуетті өнім берушіден тендерге қатысуға 1 (бір) өтінімі қалса;

5) жеңімпаз және тендер қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқанда, оның ішінде сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда;

6) егер сатып алудың жеңімпазы сатып алуды ұйымдастырушыға өтінімнің түпнұсқасын ұсынбаса немесе тендерлік құжаттамада көзделген, белгіленген мерзімдерде ұсынбаса, сондай-ақ оның интернет – ресурстағы электрондық құжаттарға сәйкессіздігі анықталған жағдайда (*электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады*) сатып алуды өткізілмеді деп таниды.

12.3. Комиссияның хатшысы тендердің қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, тендердің қорытындысы туралы хаттаманы интернет-ресурста жариялайды.

13. Сатып алу жеңімпазының өтінімнің түпнұсқасын ұсыну тәртібі

13.1. Электрондық сатып алудың жеңімпазы деп танылған әлеуетті өнім беруші қорытындылар туралы хаттаманы жариялаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен астам емес мерзімде сатып алуды ұйымдастырушыға тендерге қатысуға өтінімнің түпнұсқасы мен тендерлік құжаттаманың 7.6-тармағында көзделген құжаттарды қосымшаларымен ұсынуға міндетті.

13.2. Сатып алудың жеңімпазы өтінімнің түпнұсқасын тендер құжаттамасының 8 бөлімінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

14.Өтінімді сәйкестік мәніне салыстыру тәртібі

14.1. Тендерге қатысуға өтінімнің түпнұсқасын осы тендерлік құжаттаманың 7.6-тармағында көзделген қосымшалары бар құжаттарды комиссия олардың ЭСА-дағы сатып алу жеңімпазы ұсынған өтінімнің құрамындағы электрондық және/немесе сканерленген көшірмелеріне

сәйкестігі мәніне өтінімнің түпнұсқасын ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен астам емес мерзімде қарайды.

14.2. Егер сатып алу жеңімпазы немесе екінші орын алған әлеуетті осы тендерлік құжаттаманың 7.6-тармағында көзделген қосымшалары бар өтінімнің түпнұсқасын белгіленген мерзімге сәйкес ұсынбаса, онда мұндай әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқан деп танылады.

14.3. Егер сатып алу жеңімпазы немесе екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға өтінімнің түпнұсқасын және ЭСА-дағы электрондық құжаттарға сәйкес келмесе, салыстыру хаттамасы әзірленіп, комиссия мүшелері әр бетіне қол қояды және қол қойған күннен 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ЭСА-да жарияланады

14.4. Сатып алу жеңімпазы салыстыру рәсіміне ұсынған өтінімнің түпнұсқасы сатып алуды ұйымдастырушыда сақтауда қалады.

15. Тендердің қорытындысы бойынша сатып алу туралы шартты жасасу

15.1. Сатып алу туралы шарт тендерлік құжаттамаға қоса берілген сатып алу шарты жобасының талаптарына сәйкес жасалады.

15.2. Тапсырыс беруші сатып алу жеңімпазы өтінімінің түпнұсқасын салыстырудың қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және оны сатып алудың жеңімпазына (*электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады*) жібереді. Ережелердің 10.3-тармағы бойынша мерзімдерді есептеу осы салыстыру хаттамасына қол қойылған күннен басталады.

Тапсырыс берушіден қол қойылған сатып алу туралы шарттың жобасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарттың жобасына қол қоюға және тапсырыс берушіге ұсынуға тиіс.

15.3. Өнім беруші сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының кемінде 3 (үш) пайызы мөлшеріндегі сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді банктік кепілдік немесе кепілді ақшалай жарна түрінде енгізеді, ол тапсырыс берушінің банктік шотына енгізіледі.

Өнім беруші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ол сатып алу туралы онымен жасасқан шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық әрі тиісінше орындайтынына кепілдік ретінде енгізеді.

15.4. Егер сатып алу туралы шарттың жобасында алдын ала төлем/аванс сомасына шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса, өнім

беруші қамтамасыз етуді шарттың талаптарына сәйкес береді.

15.5. Егер әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) тендерлік құжаттаманың 15.2, 15.3.-тармақтарында белгіленген мерзімдерде көзделген іс-қимылдарды орындамаса, онда мұндай әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) сатып алу туралы шартты жасасудан басын тартқан деп танылады.

15.6. Әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған деп таныған жағдайда тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы:

- 1) өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады;
- 2) біржақты тәртіппен жасасқан сатып алу туралы шартты бұзады;
- 3) «Назарбаев Университеті» сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізу үшін ақпаратты жібереді;
- 4) екінші орынға ие болған әлеуетті өнім берушімен (мұндай өнім беруші болған жағдайда) сатып алу туралы шартты жасасады.

15.7. Өткізілген сатып алу талаптарының мазмұнын өзгертуі мүмкін сатып алу туралы шарт жобасының маңызды талаптарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

15.8. Сатып алу туралы шартқа тендерлік құжаттаманың 15.9-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, шарттың мәні, шарттың сомасы, тауарларды жеткізудің (жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің) сапасы, мерзімі сияқты, өнім берушінің таңдауы үшін негіз болып табылатын талаптарға әсер ететін өзгерістер енгізілмейді.

15.9. Сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу Ереженің талаптары және Қазақстан Республикасының заңнамалары ескеріле отырып, тараптардың өзара келісімі бойынша мынадай жағдайларда:

1) тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бағасын және тиісінше сатып алу туралы шарттың сомасын азайту бөлігінде;

2) сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) көлемінде қажеттілікті арттыруға немесе азайтуға байланысты сатып алу туралы шарттың сомасын көбейту немесе азайту бөлігінде, сондай-ақ сатып алынатын тауардың бірлігіне бағасын, жұмыстың, қызметтің көлемін өзгертпеу шартымен, оның ішінде Бюджетке және тапсырыс берушінің атқарушы органының шешіміне сәйкес кейінгі қаржы жылдары, алайда 3 (үш) жылдан астам емес мерзімге сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін тиісті өзгерту бөлігінде;

3) егер өнім беруші сатып алу туралы шартты орындау барысында сатып алынатын тауардың бірлігіне бағасын, жұмыстың, қызметтің көлемін өзгертпеу шартымен, жақсы сапалық және/немесе техникалық сипаттағы және/немесе сатып алу туралы шарттың мәні болып табылатын тауарды жеткізу мерзімін және/немесе талаптарын ұсынғанда;

4) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сараптамадан өткен,

бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес сатып алу туралы шарттың сомасын өзгерту бөлігінде;

5) сатып алу туралы шарттың мәні болып табылатын жұмыстарды жүзеге асыруға кедергі жасайтын қолайсыз климаттық жағдайлар себебі бойынша құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ сатып алу туралы шартты уақтылы орындауға кедергі тудыратын құрылыс алаңында тапсырыс беруші әрекетіне және/немесе тапсырыс берушінің басқа өнім берушілерінің әрекеттеріне байланысты сатып алу туралы шартты орындау мерзімін ұлғайту бөлігінде. Осы тармақшада көзделген сатып алу туралы шартты орындау мерзімдерін ұлғайту жағдайлары сатып алу туралы шартқа қосымша тиісті келісімдерді жасағанға дейін құжаттамалық расталуы тиіс;

б) табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген баға шегіндегі бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленетін тауардың бірлігі үшін бағасын өзгерту бөлігінде жүзеге асырады.

15.10. Сатып алу туралы шартты орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, тапсырыс берушінің шарттарды дайындауды, жасауды және орындауды регламенттейтін Ережелері мен ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

15.11. Өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді ұстап қалады.

16. Әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп танудың негіздемесі

16.1. Әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) мына жағдайлар басталғанда «Назарбаев Университеті» ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізілуге тиіс:

1) тендерлік құжаттамада көзделген талаптар бойынша тендердің нәтижесіне әсер ететін, дұрыс емес ақпаратты ұсынғанда;

2) жеңімпаз деп танылған жағдайда сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқанда;

3) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және/немесе енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаса не уақтылы орындамаса;

4) сатып алу туралы шарттың талаптарын орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты сатып алу туралы шартты бұзған жағдайда;

5) Егер сатып алудың жеңімпазы немесе екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өтінімнің түпнұсқасын осы тендерлік құжаттаманың 7.6-тармағында көзделген қосымшалары бар құжаттарды сәйкес тапсырса, электрондық және/немесе сканерленген құжаттарға сәйкес келмесе, ЭСА-да

орналастырылған (электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады)

17. Тендердің қорытындысына шағымдану

17.1. Әлеуетті өнім берушілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес комиссияның мүшелерін, сарапшыны(ларды) қоса алғанда, тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, сондай-ақ басқа да тұлғалардың іс-әрекетіне және қабылдайтын шешімдеріне шағымдануға құқылы.

17.2. Тендерге қатысқан әлеуетті өнім беруші тендердің қорытындысымен келіспеген жағдайда «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымына өтініш жіберуге құқылы.

17.3. Тендерлік құжаттаманың 3.1-тармағына сәйкес қабылданған сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы тапсырыс берушінің шешімі шағымдануға жатпайды.

ММ

Тауарларды, жұмыстарды,
қызметтерді сатып алу жөніндегі
үлгі тендерлік құжаттамаға
1-қосымша

Ақпараттық парақ

р/с №	Атауы*	Тендердің маңызды талаптары **
1	2	3
1	Сатып алудың мәні, оның ішінде лоттар бойынша	
2	Тапсырыс беруші, орналасқан жерінің мекенжайы мен банктік деректемелері	
3	Сатып алуды ұйымдастырушы, орналасқан жерінің мекенжайы мен банктік деректемелері	
4	Сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсының электрондық мекенжайы	
5	Әлеуетті өнім берушілердің арнайы біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар	Тендерлік құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес сатып алынатын тауарлардың/жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекшелігінің 1-бөлімі
6	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапалық, техникалық, функционалдық және өзге де сипаттамалары және оларға қойылатын талаптар	Тендерлік құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес сатып алынатын тауарлардың/жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекшелігінің 2,3-бөлімі
7	Тендерге қатысуға өтінімдерді бағалау критерийлерінің сипаттамасы	Тендерлік құжаттамаға 9-қосымша
8	Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары мен мөлшері	Үлгі тендерлік құжаттаманың 6.1-тармағына сәйкес: өтінімді қамтамасыз етуді өтінім беруші тендерге (лотқа) бөлінген соманың кемінде 1 (бір) пайызы мөлшерінде: 1) тендерлік құжаттамаға

		4-қосымшаға сәйкес банктік кепілдік түрінде; немесе 2) сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарна түрінде енгізеді.	
9	Тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі (<i>тендерге қатысуға өтінімдер ашылған күнінен кемінде 60 (алтыс) жұмыс күнін құрауға тиіс</i>)		
10	Комиссияның тендерге қатысуға өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру мерзімі		
11	Төлемнің негізгі шарттары		
12	Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу талаптары (нысаны) мен мөлшері	Өнім беруші сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім беруші банктік кепілдік немесе Тапсырыс берушінің банктік есебіне енгізілетін кепілді ақшалай жарна түрінде енгізеді.	
13	Алдын ала төлем/аванс сомасына шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу шарттары (нысаны, мерзімдері) мен мөлшері (<i>қажеттілігіне қарай</i>)	Егер сатып алу туралы шарттың жобасымен алдын ала төлем/аванс сомасына шарттың орындалуын қамтамасыз ету көзделсе, өнім беруші банктік кепілдік түріндегі қамтамасыз етуді ұсынады.	
14	Тендерлік құжаттамаға қосымшалардың	1) Сатып алу туралы	

MM

	тізбесі	<p>шарттың жобасы (тендерлік құжаттамаға 7-қосымша);</p> <p>2) Техникалық ерекшелік (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің – қажетін көрсету керек) (тендерлік құжаттамаға 8-қосымша);</p> <p>3) тендерге қатысуға өтінімдерді бағалау критерийлері (тендерлік құжаттамаға 9-қосымша);</p> <p><i>(басқа да қажетті қосымшалар көрсетіледі)</i></p>
--	---------	---

* сатып алуды ұйымдастырушы өткізілетін тендер туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы

** сатып алуды ұйымдастырушы толтырады

Тауарларды, жұмыстарды,
 қызметтерді сатып алу жөніндегі
 үлгі тендерлік құжаттамаға
 2-қосымша

Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысымен тендерге қатысуға өтінім
 (заңды тұлғалар үшін)

Кімге: (сатып алуды ұйымдастырушының атауы)

Кімнен: (әлеуетті өнім берушінің атауы)

1. Тендерге қатысуға үміткер заңды тұлға туралы мәліметтер:

Заңды тұлғаның заңды, пошталық мекенжайы мен байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (СТН, ЖСК, БСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының Т.А.Ә.	

2. _____(заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі) осы тендерге қатысуға өтініммен әлеуетті өнім беруші ретінде тендер (лот) (атауын көрсету керек) тәсілімен сатып алуға қатысуға ниетін білдіреді және тендерлік құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауар(лар)ды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді (қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

Тауарларды сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші тауарды өндірушіні/шығарушы зауытты, шығарған елді көрсетеді, сондай-ақ фирмалық атауын (болған жағдайда көрсетіледі), таңбалануын және сатып алуды ұйымдастырушы сатып алынатын тауарлардың техникалық сипаттамаларға сәйкестігін анықтау үшін қажетті басқа да мәліметтерді көрсете алады.

3. Осы өтініммен ұсынылып отырған (тауарлар, жұмыстар, қызметтер - қажеттісін көрсету керек) тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігінде (тауралардың, қызметтердің) белгіленген техникалық, сапалық және өзге де сипаттамаларға толығымен сәйкес келетінін растаймыз.*

немесе

Осы өтініммен (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің - қажеттісін көрсету керек) кестеде жазылған неғұрлым жақсы сапалық және/немесе техникалық сипаттамаларын ұсынамыз:

Тапсырыс берушінің (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің - қажеттісін көрсету керек) техникалық сипаттамалары	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің - қажеттісін көрсету керек) неғұрлым жақсы техникалық сипаттамалары	Негіздеме
1	2	3

Әлеуетті өнім беруші ең жақсы сапалық және/немесе техникалық сипаттамаларды және

олардың ерекшеліктерін көрсетіп ұсынады, сондай-ақ өз қалауы бойынша қажетті кез келген құжаттарды оған қоса беріп, осы нысанда мазмұндалған мәліметтерді растай алады. Әлеуетті өнім беруші қол қойылған және мөр басылған (болған жағдайда) осы кестені өтінімнің құрамында қоса бере алады.

4. Әлеуетті өнім беруші осы тендерге қатысуға өтініммен ол тендерлік құжаттамамен танысқандығын және сатып алуды ұйымдастырушыға, тапсырыс берушіге және комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (жеткізілетін тауарларды, орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді - қажеттісін көрсету керек) дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

5. Әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамада көзделген, осы өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда дұрыс емес мәліметтер бергені үшін толық жауапкершілікті өзіне алады.

6. Әлеуетті өнім беруші осы тендерде онымен аффилирленген тұлғаның(лардың) қатыспайтынын растайды.

7. Осы тендерге қатысуға өтінім тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап ___ жұмыс күні ішінде қолданылады.

8. Біздің тендерге қатысуға өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз тендерлік құжаттаманың ақпараттық парағында белгіленген мерзімдерде, мөлшерде және түрде мыналарды:

1) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді;

2) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алдын ала төлем/аванс сомасында (егер сатып алу талаптарымен мұндай қамтамасыз ету көзделген болса көрсетіледі) енгіземіз.

9. Баға ұсынысы туралы ақпарат**:

р/с №	Мазмұны		
1	Атауы (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің – қажеттісін көрсету керек)		
2	Өлшем бірлігі		
3	Тауарлардың мөлшері (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі)		
4	Бірлігі үшін бағасы _____ ҚҚС есепке алмағанда		
5	Тендерлік құжаттама талаптарымен көзделген әлеуетті өнім берушінің барлық шығыстарын қоса алғанда, жалпы бағасы _____ ҚҚС есепке алмағанда***		

Әлеуетті өнім беруші сіздердің тендерлік құжаттамада белгіленген негізгі төлем шарттарыңызбен келіседі.

Әлеуетті өнім беруші төлемнің келесі балама шарттарын ұсынады (олар болған жағдайда, төлемнің балама шарттары атап көрсетіледі), бұл ретте (пайызбен көрсету керек) мөлшердегі баға ұсынысы туралы ақпарат

кестесінің 5-тармағының жалпы бағасына жеңілдік береді.****

10. Сатып алу туралы шарт жасалған сәтке дейін осы тендерге қатысуға өтінім оны жеңді деп тану туралы сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқаратын болады.

Әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының немесе басқа да уәкілетті тұлғасының лауазымы, Т.А.Ә., қолтаңбасы
М.О.

Ескертпелер:

* Әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамаға тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) техникалық ерекшелігінде белгіленген техникалық, сапалық және басқа да сипаттамаларға сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуге келісім берген жағдайда әлеуетті өнім беруші өтінімінің құрамында техникалық ерекшелікті ұсыну талап етілмейді.

** Кестеде берілген ақпарат ЭСА-да көрсетіледі (электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады).

*** Комиссия 5-тармақта көрсетілген жалпы бағаны барлық шығындар есепке алынып белгіленген және қайта қарауға жатпайтын ретінде қарастырады.

**** Төлемнің балама шарттары ұсынылған жағдайда толтырылады. Комиссия әлеуетті өнім беруші төлемінің бала шарттарын қабылдауға құқылы.



Тауарларды, жұмыстарды,
қызметтерді сатып алу жөніндегі
үлгі тендерлік құжаттамаға
3-қосымша

Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімі
(жеке тұлғалар үшін)

Кімге: (сатып алуды ұйымдастырушының атауы)

Кімнен: (әлеуетті өнім берушінің атауы)

1. Тендерге қатысуға үміткер жеке тұлға туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес Т.А.Ә	
Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат деректері	
Жеке тұлғаның заңды және іс жүзіндегі мекенжайы	
Жеке тұлғаның банктік деректемелері (СТН, ЖСК, БСК), сондай-ақ жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Жеке тұлғаның байланыс телефондары, электрондық поштасының мекенжайы (ол болған жағдайда)	

2. _____ (жеке тұлғаның толық атауы көрсетіледі) осы тендерге қатысуға өтініммен әлеуетті өнім беруші ретінде тендер (лот) (атауын көрсету керек) тәсілімен сатып алуға қатысуға ниетін білдіреді және тендерлік құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауар(лар)ды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді (қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

Тауарларды сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші тауарды өндірушіні/шығарушы зауытты, шығарған елді көрсетеді, сондай-ақ фирмалық атауын (болған жағдайда көрсетіледі), таңбалануын және сатып алуды ұйымдастырушы сатып алынатын тауарлардың техникалық сипаттамаларға сәйкестігін анықтау үшін қажетті басқа да мәліметтерді көрсете алады.

3. Осы өтініммен ұсынылып отырған (тауарлар, жұмыстар, қызметтер - қажеттісін көрсету керек) тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігінде (тауралардың, қызметтердің) белгіленген техникалық, сапалық және өзге де сипаттамаларға толығымен сәйкес келетінін растаймын.*

немесе

Осы өтініммен (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің - қажеттісін көрсету керек) кестеде жазылған неғұрлым жақсы сапалық және/немесе техникалық сипаттамаларын ұсынамын:

Тапсырыс берушінің (тауарлардың,	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын (тауарлардың, жұмыстардың,	Негіздеме
-------------------------------------	---	-----------

жұмыстардың, қызметтердің - қажеттісін көрсету керек) техникалық сипаттамалары	қызметтердің - қажеттісін көрсету керек) неғұрлым жақсы техникалық сипаттамалары	
1	2	3

Әлеуетті өнім беруші ең жақсы сапалық және/немесе техникалық сипаттамаларды және олардың ерекшеліктерін көрсетіп ұсынады, сондай-ақ өз қалауы бойынша қажетті кез келген құжаттарды оған қоса беріп, осы нысанда мазмұндалған мәліметтерді растай алады. Әлеуетті өнім беруші қол қойылған және мөр басылған (болған жағдайда) осы кестені өтінімнің құрамында қоса бере алады.

4. Әлеуетті өнім беруші осы тендерге қатысуға өтініммен ол тендердік құжаттамамен танысқандығын және сатып алуды ұйымдастырушыға, тапсырыс берушіге және комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (жеткізілетін тауарларды, орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді - қажеттісін көрсету керек) дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

5. Әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамада көзделген, осы өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда дұрыс емес мәліметтер бергені үшін толық жауапкершілікті өзіне алады.

6. Әлеуетті өнім беруші осы тендерде онымен аффилирленген тұлғаның(лардың) қатыспайтынын растайды.

7. Осы тендерге қатысуға өтінім тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап ___ жұмыс күні ішінде қолданылады.

8. Менің тендерге қатысуға өтінімім жеңді деп танылған жағдайда, тендерлік құжаттаманың ақпараттық парағында белгіленген мерзімдерде, мөлшерде және түрде мыналарды:

- 1) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді;
- 2) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алдын ала төлем/аванс сомасында (егер сатып алу талаптарымен мұндай қамтамасыз ету көзделген болса көрсетіледі) енгізуге міндеттенемін.

9. Баға ұсынысы туралы ақпарат:

р/с №	Мазмұны
1	Атауы (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің – қажеттісін көрсету керек)
2	Өлшем бірлігі
3	Тауарлардың мөлшері (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі)
4	Бірлігі үшін бағасы _____ ҚҚС есепке алмағанда
5	Тендерлік құжаттама талаптарымен көзделген әлеуетті өнім берушінің барлық шығыстарын қоса алғанда, жалпы бағасы _____ ҚҚС есепке алмағанда***

Әлеуетті өнім беруші сіздердің тендерлік құжаттамада белгіленген негізгі төлем шарттарыңызбен келіседі.

Әлеуетті өнім беруші төлемнің келесі балама шарттарын ұсынады (*олар болған жағдайда, төлемнің балама шарттары атап көрсетіледі*), бұл ретте (*пайызбен көрсету керек*) мөлшердегі баға ұсынысы туралы ақпарат кестесінің 5-тармағының жалпы бағасына жеңілдік береді.*****

10. Сатып алу туралы шарт жасалған сәтке дейін осы тендерге қатысуға өтінім оны жеңді деп тану туралы сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқаратын болады.

Әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының немесе басқа да уәкілетті тұлғасының лауазымы, Т.А.Ә., қолтаңбасы

М.О. (болған жағдайда)

Ескертпелер:

* Әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамаға тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) техникалық ерекшелігінде белгіленген техникалық, сапалық және басқа да сипаттамаларға сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуге келісім берген жағдайда әлеуетті өнім беруші өтінімінің құрамында техникалық ерекшелікті ұсыну талап етілмейді.

** Кестеде берілген ақпарат ЭСА-да көрсетіледі (электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады).

*** Комиссия 5-тармақта көрсетілген жалпы бағаны барлық шығындар есепке алынып белгіленген және қайта қарауға жатпайтын ретінде қарастырады.

**** Төлемнің балама шарттары ұсынылған жағдайда толтырылады. Комиссия әлеуетті өнім беруші төлемінің бала шарттарын қабылдауға құқылы.

Тауарларды, жұмыстарды,
қызметтерді сатып алу жөніндегі
үлгі тендерлік құжаттамаға
4-қосымша

Банктік кепілдік
(тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету)

Банктің атауы: _____
(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: _____
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы мен деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме

_____ 20__ ж. " ____ " _____
(орналасқан жері)

Біз бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын, _____,
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

_____ (тендердің (лоттардың) атауын көрсету керек)
және сатып алу жөніндегі тендерге қатысатындығынан және _____

_____ (тендердің (лоттардың) атауын көрсету керек)
бойынша (тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) жүзеге асыруға дайын екенінен хабардармыз.

20__ жылғы " ____ " _____ тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді банктік кепілдік түрінде енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз _____ осымен Сіздің
(банктің атауы)

ақы төлеуге жазбаша талабыңызды алғаннан кейін, сондай-ақ Өнім беруші:

1. тендерге қатысуға түпкілікті мерзім өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімді кері қайтарып алғандығын не өзгерткендігін және (немесе) толықтырғандығын;

2. тендердің жеңімпазы болып анықталған қатысушы сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарғандығын;

3. сатып алу туралы шарт жасасып, тендерлік құжаттамада белгіленген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және

(немесе) енгізу мерзімі туралы талаптарды орындамағандығын не уақтылы орындамағандығын жазбаша растағаннан кейін Сіздің талабыңыз бойынша сізге _____ теңгеге тең соманы төлеуге

(сомасы санмен және жазумен көрсетіледі)

қайтарусыз міндеттемені өз мойнымызға аламыз.

Осы кепілдік міндеттеме тендерге қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап күшіне енеді.

Бұл кепілдік міндеттеме Өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімінің қолданылуының соңғы мерзіміне дейін әрекет етеді. Егер тендерге қатысуға өтінімнің мерзімі ұзартылған болса, онда бұл кепілдік міндеттеме сондай мерзімге ұзартылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгердің қолы және мөрі

Күні және мекенжайы

Тендерде өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлері мен көлемі

(тендердің атауын көрсету керек)

р/с №	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) Т.А.Ә.	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) БСН / ЖСН, оның толық заңды және пошталық мекенжайы, байланыс телефоны	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) атауы	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ақшалай мәндегі көлемі, теңге	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) пайыздық мәндегі көлемі
1					
Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы:				теңге (немесе басқа валюта)	% көлемі
2					
Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы:				теңге (немесе басқа валюта)	% көлемі
Барлық қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) бойынша жиыны:				теңге (немесе басқа валюта)	% көлемі

Әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жұмыстардың (мердігерлік бағалары), сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің олардың жалпы құнынан 2/3 (үштен екісінен) астам жиынтықтағы көлемін мердігерлікке (қоса орындауға) беруіне жол берілмейді.

Тауарларды, жұмыстарды,
қызметтерді сатып алу жөніндегі
үлгі тендерлік құжаттамаға
б-қосымша

Банктік кепілдік

(сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету)

Банктің атауы: _____

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: _____

(тапсырыс берушінің атауы мен деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме

_____ 20__ж. " ____ " _____
(орналасқан жері)

Бұдан әрі «Өнім беруші» _____

(өнім берушінің атауы)

_____ (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаттамасы)

жеткізуге (орындауға, көрсетуге) 20__ж. « ____ » _____ № _____
мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқандығын және Сіз Шартта Өнім
берушінің жалпы сомасы _____ теңге банктік кепілдік

(сомасы санмен және жазумен)

түрінде оның орындалуын қамтамасыз етуін енгізуді көздегеніңізді назарға
ала отырып, осымен _____ жоғарыда көрсетілген

(банктің атауы)

Шарт бойынша кепілгер болып табылатынымызды және Сіздің талабыңыз
бойынша Сіздің төлеуге жазбаша талабыңызды, сондай-ақ Өнім беруші Шарт
бойынша өз міндеттемелерін орындамағандығын немесе тиісінше
орындамағандығын жазбаша растауды алғаннан кейін Сізге _____

_____ тең соманы төлеуге қайтарусыз міндеттемені
(сомасы санмен және жазумен) өз мойнымызға аламыз.

Осы кепілдік міндеттемесі оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді
және Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындаған сәтке
дейін қолданылады.

Осы кепілдік міндеттемесіне байланысты туындайтын барлық құқықтар
мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгерлердің қолы және мөрі

Күні және мекенжайы